

## **ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ (Женева, 1952 жылғы 6 қыркүйек)**

Конвенция Қазақстан Республикасында халықаралық міндеттемелер мен бұрынғы КСРО шарттарының құқықтық мирасқорлығы тәртібімен қолданылады.

1992 жылғы 6 тамызда ЮНЕСКО-ның Бас директоры Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінен 1992 жылғы 16 шілдемен белгіленген хат алды. Бұл хатта 1991 жылғы 21 желтоқсандағы Алматы декларациясына сәйкес Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер шарттардан туындайтын және бұрынғы КСРО-мен жасасқан келісімдер мен шарттардан туындайтын халықаралық міндеттемелерді (Конституциялық рәсімдер негізінде) орындауға міндеттенеді деген хабарлама жазылған. Демек, 1952 жылғы 6 қыркүйекте қабылданған Конвенцияның ережелері Қазақстан Республикасының аумағында күшінде қалады.